

"Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын, бақылауға жататын жабдықтардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі № 939 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1038 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын, бақылауға жататын жабдықтардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі № 939 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесін белгілеу туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесі белгіленсін.

2. Арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың айналымын бақылау есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын, бақылауға жататын жабдықтардың тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2023 жылғы 24 қарашадағы
№ 1038 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 939 қаулысымен
белгіленген

Арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесі

1. Таблеткаларды нығыздауға арналған нығыздау аспаптары мен жабдықтары.
2. Ампулаларды толтыруға арналған жабдықтар.
3. Ампулаларды бітеуге арналған жабдықтар.
4. Химиялық реакцияларды жүргізуге арналған жабдықтар (зертханалық реакторлар).
5. Капсуляторлар.
6. Пуансондар мен матрицалар.
7. Бір немесе бірнеше мойны бар сыйымдылығы үлкен реакциялық шыны ыдыстар (15 немесе одан да көп литр).
8. Бөлгіш құйғыштар.
9. Тікелей ағынды және қарсы ағынды конденсаторлар.
10. Колба қыздырғыштар.
11. Бөшкелерге арналған белбеулік қыздырғыштар.
12. Сулы және майлы жылытқыштар.
13. Ротациялық буландырғыштар.
14. Реакциялық ыдыстар (колбалар, пробиркалар, реторттар).
15. Таблеткалар мен капсулаларды есептегіштер.
16. Таблеткаларды тозаңнан арылтқыштар.
17. Вакуумдық сорғылар.
18. Бюхнер құйғышы.
19. Дәлдігі жоғары электрондық таразылар.
20. Дистилляциялық қондырғылар.
21. Магнитті араластырғыштар.
22. Либих тоңазытқышы.